



**Соғыс ардагерлерінің есімі мәңгі ұмытылмайды**

## ЕСІМІ «АЛТЫН КІТАПҚА» ЕНГІЗІЛДІ

Өздеріңізге мәлім, Ұлы Отан соғысы естен кетпес адамзат тарихында теңгесі жоқ алапат соғыс болды. Сұм соғыс біреуді жесір етті, біреуді жетім етті, ал енді біреудің жалғыз ұлынан айырды.

Жалпы, соғыс – күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік ағаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Иә, келесі жылы Ұлы Отан соғысына 80 жыл толмақ. Содан бері қаншама уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерінің паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ата – бабаларымыздың, ержүрек бағырларымыздың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, жеңістің таңбасын басқан күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап

інің кіреберіс фойесіне соғыс ардагерінің туған-туыс, бала-шағасының мұрағаттарындағы әр түрлі суреттерінен фотостенд қойылды. Ардагерімізге құрмет көрсеткен аудан жұртшылығы үлкен кішісіне қарамай көрермен залына лық толды.

Соғыс ардагерінің соғыстағы жанқиярлық ерлігі, соғыстан аман-есен елге оралып, Ұйғыр ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып, әр түрлі лауазымды қызметтерді абыройлы атқарғаны жоғары бағаланып, арада соншама уақыт өтсе де ұмыт болмай, есімі еліміздің «Қазақстанның Алтын кітабына» енуі ардагерімізге деген үлкен құрмет болса керек.

Өткен жылдың соңына таман «ЭДЕЛЬВЕЙС-АСТАНА» баспа үйі дайындаған «Қазақстанның Алтын кітабына» Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұйғыр ауданынан шыққан ұшқыш Нұрсейітов Нұрбек атамыздың есімі енгізіліпті. Қазаққа «Қуанышты бөлессен көбейеді» деген жақсы сөз бар. Бұлай деуге себеп, өткен аптаның қасиетті жұмасында «Ел үшін туған – ер» атты іс-шараға Республикалық «Эдельвейс» баспа үйінің қызметкері, тілші Гүлхан Аманжолқызы арнайы келіп, кітапты табыстап, Нұрбек атамыздың ұрпағы Нұрдос Нұрбекұлының кеудесіне медаль тақты. Сахна төріне сөз алып, атамызға жылы лебізін білдірді. - Шешен өз сөзінде тұлпардай текті, емендей мықты, көңілі мен ниеті тау бұлағындай мөлдір, қарпайымдылықты бәрінен берік ұстаған, ел тағдыры сынға түскен шақта қан майданда алысып, кеудесін оққа тосқан, дария кеуде, тау мүсін майдангерлеріміздің бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Отан», «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі «Даңқ» ордендері «Ерлігі үшін», «Әскери еңбегі үшін» медальдарының иегері – Нұрсейітов Нұрбек Нұрсейітұлы еді, - деді Астанададан келген тілші. Президентіміз айтқандай барлық елге еңбегі сіңген ұлы тұлғалардың есімдері ұлықталуы, - керек деген болатын. Міне, соның айқын айғағы ретінде атамыздың есімі «Қазақстанның Алтын кітабына» еніп отыр. Бүгінгі жасап



жатқан атаны еске алу іс-шараларыңыз құтты болсын, - деп сөзін аяқтады.

Аталмыш іс-шара барысында Ұйғыр аудандық мәслихат төрағасы Нүрәкім Есжан, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітов, Сүмбе ауылының ақсақалы Қалабай Мерейімов, Райымбек шекара басқарма бастығының орынбасары, подполковник Мұратбек Іскендірлер атамыздың өмір жолдарынан естеліктер айтып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Іс-шара барысындағы марапаттарды Алматы облыстық ҚР Қарулы күштері ардагерлері кеңесінің төрағасы Ақбадиев Батырхан Жәрдемұлының қолынан атамыздың ұлы Нұрдос Нұрбекұлы, сондай-ақ осы айтулы іс-шараның өз дәрежесінде өтуіне бірден-бір атсалысып, жүгіріп жүрген, атамыздың немересі Айда Жеңісқызы біздің Қазақстанның тұңғыш Қолбасшысы армия генералы «С.Нұрмағамбетовтың 100 жылдық мерекелік» медалімен марапатталды.

Іс-шараның сапалы әрі көңілді өтуіне атсалысып, бар өнерлерін шығарған Ұйғыр ауданы өнерпаздары өздерінің әсем әндері мен мың бұрала билеген билерімен көрермен қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

«Алтын кітаптан» есімі алты Алашқа мәшһүр болған Нұрбектей атамыздың Іле өңірінің атын әлі де асқақтата беретініне сенім мол.

Жұман МАТАЙ,  
Ұйғыр ауданы.



күшпен жеттік. Ол күш - ерине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Соның нәтижесінде сол жеңіс халыққа бейбіт өмір сыйлап, елге тыныштық әкелді.

Кезінде Отанын қастерлеген, елін, жерін шын сүйген адал патриот бола білген Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұйғыр ауданынан шыққан ұшқыш Нұрбек Нұрсейітовті еске алуға арналған «Ел үшін туған - ер» атты іс-шара Ұйғыр аудандық мәдениет үйінде болып өтті. Мәдениет үй-

### Қайырымдылық

## Жетім көрсен, жебей жүр

Үңгіртас ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Асылбекова Күлшар Қасенқызы Үңгіртас ауылдық округіндегі Көкқайнар ауылында тұратын көпбалалы, жалғызбасты ана Айгүл Жақұтқызының тұрмыс-тіршілігін ұзақ уақыт зерттей отырып, оған «Даулет» қайырымдылық қорынан көмек сұрап, бар жағдайы жасалған 20 сотық жері бар, 6 бөлмелі үлкен үй әперуге ықпал етті. Ауласында моншасы, арнайы жаздық ас бөлмесі де бар. Үйді 8 миллионға, ал қалған керекті үй жабдықтары 1 миллионға алынды. Бұл жалғызбасты ана осы күнге дейін төрт көмелетке толмаған балаларымен апапаты үйде тұрып жатқан екен. Әкелері Бекболат жарты жыл бұрын өмірден өткен.

Бұл жаңалыққа Көкқайнар ауылының тұрғындары түгелімен қуанып, қолдау көрсетті. Үйді табыстауға келген «Дәу-

леттен» қорының мүшелері отбасы мүшелерін лента қидырып, кіргізді. Осы шараға келген ауыл белсенділері, ауыл әкімі әлі де бұл отбасына қолдарынан келгенше көмектерін көрсететіндерін айтты. Ауыл әкімі Абдуали Даурен Нұрмұханбетұлы ауылға газ тартылса, осы отбасына газ кіргізуге көмектесетінін, ал ауыл белсенділері осы отбасына арнаулы әлеуметтік көмек алу бойынша құжаттарды жинап, жәрдем беретінін айтты. Дастархан басында бұл отбасына жақсы тілектер айтылып, бата берілді. Әкелері Абилдаев Бекболаттың анасы мен туған туыстары алғыстарын білдірді.

Бекболаттың сыныптастары жақында ғана бұл отбасына қыстық отын ретінде көмір түсіріп, азық-түлікпен қамтамасыз етті. Бұл азаматтарға ерекше алғыс білдіремін.

Асылбекова Күлшар Қасенқызының өз ауылдық округі тұрғындарына «Дәулеттен» қоры арқылы әперген бұл екінші үйі. Алдында Сарыбастау ауылындағы жалғызбасты 9 балалы әкеге үй алуға ықпал еткен болатын. Осы шараға сол ауылдың тұрғыны, аудандық мәслихат депутаты және аудандық Аналар кеңесінің төрайымы ретінде мен де қатысып, қуаныштың куәсі болдым. Осындай ауылына жаны ашып, халық үшін аянбай еңбек жасап жүрген Күлшар Қасенқызына және игі іс-шараларға қолдау көрсетіп, ақыл-кеңесін беріп жүрген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Мендебаев Батырхан ағаға ерекше алғысымды білдіремін. Халқына жаны ашитын осындай дана қарияларымыз көп болса екен дегім келеді.

Гүлзира СТАНҚҰЛОВА,  
Жамбыл аудандық мәслихаттың депутаты, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы.

### ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

#### Алматы облысының автомобиль жолдары: Нарыққа жаңаша көзқарас

Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 2024 жылдың 9 айында жүзеге асырылған жұмыстармен бөлісіп, жол инфрақұрылымының дамуындағы жаңа жетістіктерді жариялады.

Облыста жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 14 орташа жөндеу жобасы, 3 күрделі жөндеу жобасы және 1 жаңа құрылыс жобасы жоспарланып, қазіргі уақытта 136,1 шақырым жөндеген. Нәтижесінде, жолдардың сапасы айтарлықтай жақсарып, тұрғындардың көлікпен жүру жағдайы оңтайланды.



Жаңа жолдар мен жөндеген учаскелер тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер етуде. Мәселен, «Қонаев-Бақанас-Қараой» жолының Көктал ауылына кіреберісі жөнделіп, ауыл тұрғындарының қалаға қатынауы жеңілдеді.

Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін арнайы автоматтандырылған өлшеу станциялары орнатылды. Бұл жаңашылдық жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, жылдамдықты бақылауға және жол апаттарын азайтуға көмектеседі. Ағымдағы жылы 22 826 шаршы метр жол жөндеу жұмыстары, 443 жаңа жол белгілері және 14 жасанды кедергілер орнатылды.

#### Гигантскую миому удалили пациентке в Конаеве

35-летняя женщина в городе Конаеве поступила в городскую многопрофильную больницу в тяжелом состоянии с критически низким уровнем гемоглобина. После экстренной госпитализации врачи обнаружили огромную миому матки и успешно провели оперативное вмешательство – лапаротомию и консервативную миомэктомию, удалив миому весом в 4 килограмма. Об этом передает агентство Kazinform со ссылкой на пресс-службу Министерства здравоохранения РК.



В ходе операции удаляются узлы миомы матки, сохраняя при этом сам орган.

Пациентка выражает благодарность врачам, сейчас уже находится дома.

Как отметили в Минздраве, predisposing факторами могут быть воспалительные заболевания матки, нарушения гормонального фона, аборт, позднее наступление менструаций, избыточная масса тела, нерациональное питание, сердечно-сосудистая патология. Госпитализацию, операцию и лечение провели за счет средств обязательного социального медицинского страхования.

#### Талғардағы оқиға: Шерзат Полаттың отбасы әкімдік ұсынған көмектен бас тартты

Еңбекшіқазақ ауданындағы өрттен кейін облыс әкімдігі марқұм Шерзат Полаттың туыстарына уақытша баспана ұсынды. Бірақ олар бұл көмектен бас тартты, деп хабарлайды Алматы облысының әкімдігі.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Еңбекшіқазақ ауданындағы өрттен кейін жедел штаб отырысын өткізді. Облыс басшысының айтуынша, әкімдік марқұмның отбасына көмектесу үшін бар күшін салады.



«Жағдай бақылауда, барлық құқық қорғау органдары күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Заңдылықты қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Барлық кінәлілер жауапқа тартылады», - деді Сұлтанғазиев.

Қазіргі кезде өртенген үйді толық қалпына келтіруге тапсырма берілді. Сонымен қатар, отбасына материалдық және психологиялық көмек көрсетіледі.

Әкімдік уақытша баспана да ұсынған. Бірақ Шерзат Полаттың ата-анасы бұл көмектен бас тартты.

### БАСНАСОЗ-2025



#### Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылық-амандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - 5415,20 теңге

Индексі - 65472

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

## Ерлік ешқашан ұмытылмауы тиіс

Ұлы Отан соғысындағы ерліктер жылдан-жылға алыстап барады десек те, олар туралы талай-талай естеліктер мен жыр-дастандар әлі де жазылуда. Дүние жүзін фашизм езгісінен азат еткен халықтың жауынгерлік ерлігін адамзат ешқашан да ұмытпайды.

Ұлы Отан соғысы жылдары тарихтың тек драмалық қана емес, жаугершілік те заманы болып саналады. Өйткені Отан үшін от кешкен миллиондаған адамдардың жауынгерлік ерлігі мен жанқиярлықтың үлгісі дәл сол жылдармен тығыз байланысты. Сондықтан да біз ол жылдардан алыстаған сайын соғыстың тарихи мәні мен маңызын тереңірек түсінеміз. Сол Отан қорғаушылар қатарында Молдабаев Жаменке Шөнекеұлы да болды.

1941 жылы Жаменке Шөнекеұлы Балқаш комиссариатынан соғысқа аттанды. 1942 жылы 9 мамырда 18-ге толған өрімдей жас жігіт Сталинград түбінде өмір мен өлім үшін жанберіскен шайқасқа қатысты. 1943 жылы Украинада, 1943 жылы Румыния мен Молдовада, 1945 жылы Польша мен Германияны азат етуде бастан-аяқ шайқасты. Жаменке атамыз соғыс кезінде қатты жаурақат алды. Алайда, сол дәуірдегі өршіл рух, Отанға деген сүйіспеншілік оны ажалдан арашалап алып



қысында үйленіп, Балқаш мыс қорыту комбинатына әкесімен бірге жұмысқа қайта орналасады. Еселі еңбегі арқасында 1959 жылы комбинаттың құрметті металлургі атағын алды. Комбинат әкімшілігі әкелі-балалы металлургтерге қос бірдей «Газ-21» автокөлігін сыйға тартады. 1966 жылы Талғар ауданы Қызылту ауылына көшіп келеді. Өзі диканшы, әйелі есепші болып еңбек етеді. Мұнда да ерен еңбегі үшін демалыс орындарына жолдамалар алып отырды. 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. 1997 жылы 22 сәуірде дүниеден озды.

Оның еңбек жолы және Отан қорғаудағы жасаған батыл да төзімді ерліктері кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай. «Жақсының аты өлсе де хаты өлмейді» демекші, ҰОС-дағы Жеңістің 80 жылдық мерекесі қарсаңында Талғар ауданы Панфилов ауылдық округіне қарасты Жібек жолы ауылынан бір көшенің атын беру лайықты деп санаймыз.

Араға жылдар салса да ерлік ешқашан ұмытылмауы тиіс. Арғында елі барда ер азаматының майдан даласында жүріп өткен тағдыр жолы, жасаған ерліктері ұмыт қалмай, бағаланса екен дейміз.

**Абай ЖҰРЫНОВ,**  
**Панфилов ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы.**

**Жаңылсын МОЛДАБАЕВА,**  
**Панфилов ауылдық әйелдер кеңесінің мүшесі.**  
Талғар ауданы.

Ауыл ақсақалы туралы аздаған сөз

Еңбекшіқазақ ауданы, Сарбұлақ ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы Мырзабеков Ертістік (Төкен) Құрманбайұлы 1946 жылы 5 қаңтарда Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылында туған. Әкесі Құрманбай Мырзабекұлы-Ұлы Отан соғысына қатысып, оқ пен отта 4 жыл жүріп, орден, медальдар тағып, аман-есен туған ауылына келіп, колхозда жұмыс істеп, ел ағасы болған белсенді, беделді ақсақал. Ол кезде техника аз, барлық жұмыс қолмен істеледі. «Колхоздағы негізгі жұмысшы-кемпір-шал мен бала-шаға. Қиыншылығы көп колхозда әкем денсаулығына байланысты мал бағып, зейнетке шықты» деп, Ертістік аға өткен күндерді есіне алады.

## Атқарған істері бар

Кеген ауданындағы Тоғызбұлақ ауылындағы 7 жылдық мектепті бітіріп, баланың үлкені болған ағамыз механизаторлық күрс оқып, трактор айдап, колхозда жұмыс істеді. 1965 жылдан 1968 жылға дейін әскери борышын Ресей жерінде атқарып, кіші сержант атағын алып, әскерде «Коммунистік еңбектің екпіндісі» атағын да алды. Ертістік ағамыз әскерден кейін өзі туып өскен ауылына келіп, колхозда әртүрлі жұмыс істеді. 1980 жылы Шелек ауданындағы Сарыбұлақ ауылына көшіп келіп, совхозда көп жыл істеп, зейнетке шықты. Істеген еңбегі бағаланып, көптеген сый-құрметке бөленді. Аудан, ауыл сыйлайтын беделді ауыл ақсақалы ретінде ауыл тұрғындары құрметтейді.

Сарыбұлақ ауылының әкімі бастаған ел-жұрты Ертістік ағамызды ақ-



сақалдар алқасының төрағасына көп жыл бұрын бірауыздан сайлаған. Содан бері ерінбей жалықпай, ақсақалдар алқасын басқарып келеді. Шелек елді мекенге жақын орналасқан кішкене ауыл болса да, бірнеше ұлт өкілдерінің ынтымақ бірлігі мен тірлігі жарасқан ауыл болғандықтан, ауылға көшіп келген 40-тан аса қандастар да ел-жұртқа араласып, бір кісінің баласындай болып өмір сүруде. Ауылдың бірлігі мен тірлігіне ауыл әкімімен бірге Ертістік ақсақал бастаған ақсақалдар алқасының атқарған жұмыстарын ауыл тұрғындары бағалайды.

«Ауыл жұртының бірлігінің арқасында ауылмызға жаңа мешіт, қатымхана салынып, ел игілігін көруде. Ауыл ақсақалдары, ауыл жастары ауылдағы тұрмысы төмен отбасына жылда көмектесіп тұрады. Ауыл әкімінің, ауыл ақсақалдарының көмегімен көшелерге асфалт төселіп, электр жарығына қосылған. Ауылдағы әрбір үйге ауыл жастарының бір кісідей атсалысуымен су кіргізілген. Мәдениет үйі, медпункт тұрақты жұмыс істейді, оған ауыл тұрғындары риза», - дейді ағамыз өз сөзінде.

Ағамыздың мектепте оқитын немерелері үшін, ауылдың оқушылары үшін көптен бері мазалап жүрген ескі мектептің жырын келген-кеткен облыс, аудан әкімдеріне «Жаңа мектеп, балабақша қашан салынады» деп кездесу жиындарда айтып келеді.

**Әсет АЛЖАНБАЙ,**  
**ардагер оқытушы.**

Семинары

## КАК НАШУ ЖИЗНЬ СДЕЛАТЬ ЛУЧШЕ?

(ИЛИ О ЧЕМ ГОВОРИЛИ НА СЕМИНАРЕ В ИЛИЙСКОМ РАЙОНЕ)

Недавно в малом зале Илийского райакимата прошло интересное мероприятие. Проект стартовал в прошлом году при поддержке председателя маслихата Розы Абиловой (на тот момент), в рамках проекта Общественного фонда Zertteu Reseach Institute при содействии Посольства Финляндии в Казахстане.

В работе семинара приняли участие депутаты районного маслихата, государственные служащие, члены общественного совета Илийского района и руководители молодежных организаций.

Модератором встречи выступила Роза Абилова, ныне председатель маслихата города Алатау. Она подчеркнула, что Илийский район всегда был на передовых позициях по внедрению инновационных форм гражданских инициатив в обществе, в построении справедливого, социального государства. Например, одним из первых в

стране здесь был успешно реализован пилотный проект по внедрению местного самоуправления, где Ащибулакский сельский округ стал пилотной площадкой в Казахстане.

Модератор рассказала о гендерном бюджетировании на примере одной из скандинавских стран, где женщины-депутаты смогли перенаправить расходы местного бюджета на содержание и благоустройство территорий в зимний период в сторону его увеличения. Это, в свою очередь, привело к уменьшению травматизма, потери трудоспособности людей и, соответственно,



снижению расходов на медицинское обслуживание.

С приветственным словом к собравшимся обратилась директор ОФ Zertteu Reseach Institute Шолпан Айтенова. Она отметила, что Казахстан занимает лидирующую позицию по гендерному равенству среди стран Центральной Азии. Хотя, скандинавские страны остаются впереди в этом вопросе на мировом уровне. Например, Финляндия по гендерному равенству занимает 2-е место в мире, а по качеству жизни - лучшей в мире! В финском парламенте женщины занимают 42 % мест, среди министров - 32%, в биржевых компаниях - 23%, а в государственных компаниях до 50%. То есть, нам есть куда стремиться.

Шолпан презентowała аудиторией руководство по анализу бюджетных программ с точки зрения гендерного бюджетирования. Это послужит в дальнейшем основани-

ем для разработки пилотного проекта и принятия его на законодательном уровне. Всего два района - наш Илийский и Кызылжарский из Северного Казахстана будут тут выбраны в качестве экспериментальных площадок.

Далее участники проекта, представители ГУ «Аппарат акима Илийского района» - руководитель отдела закупок Сандугаш Карменова и главный специалист Дана Узакпай, а также руководитель молодежного ресурсного центра Марьям Тынышпаева, представили результаты своих исследований.

Они презентовали доклады о гендерно-чувствительных анализах, касающихся председателей конкурсных комиссий районного акимата, получателей государственных грантов и работы спортивных кружков. Вкратце, суть сказанного ими заключается в следующем: участие государства в названных сферах (госзакупки,

спортивные секции, гранты, благоустройство дворов, улиц, и т.д.) имеет закономерность не всегда учитывать мнение женщин, мам девочек. Например, при выделении государственных средств на строительство игровых площадок во дворах не учитывается контингент проживающих в многоэтажном доме. Возможно, там нет малолетних детей, а живут подростки, которым важнее мини -футбольное поле или спортивные тренажеры.

В Илийском районе имеющих видов спорта для девочек меньше (44% ), чем для мальчиков (56%). Таким образом, в спортивной сфере важно устранить гендерные стереотипы и повысить доступность спортивных кружков для девочек.

На семинаре было также предложено увеличить долю женщин в руководящем составе района, проводить обучающие семинары по госзакупкам с учетом гендерных аспектов и многое другое.

В обсуждении докладов приняли участие члены общественного совета Исламбек Агадилов, Рустем Бахтыбаев, председатель районного совета женщин Мейрамкул Жабиева и Макпал Исламова - директор «Grant МК Консалтинг», многодетная мама.

Все они одобрили проводимую ОФ Zertteu Reseach Institute работу, поскольку она поднимает на новую высоту равноправие, демократичность, открытость в формировании и распределении бюджетных программ государства, увеличивает долю женщин, вовлеченных в создание социального благополучия общества и комфортной среды проживания.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ,**  
**Илийский район.**



Қаныш Сәтбаевтың туғанына - 125 жыл

## ГЕОЛОГ ҒАЛЫМ ТУРАЛЫ СІЗ БІЛМЕЙТІН ОҚИҒАЛАР

Қаныш Сәтбаев — алуан түрлі тастары бар тауларды, дархан даланы жақсы көрген, қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаған, геология, минерология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті. Ғалым өмірі туралы қызықты деректер ұсынамыз.



Ғұлама ғалымның шын есімі — Ғабдулғани. Арабшадан аударғанда шексіз байлық иесі, ешкімге мұқтажсыз, Алланың құлы деген мағынаны білдіреді. «Ғани», «Ғаныш», еркелете келе «Қаныш» аталып кеткені осыдан.

Қаныш Сәтбаев өнердің сан саласында

озық болған. Музыка тыңдағанды ұнатқан, биді қадірлейтін. Археолог, ғалым Әлкей Марғұланның айтуынша, Қаныш Сәтбаев полька, мазурка, вальс билеріне қызыққан екен.

Қаныш Имантайұлы-алғашқы қазақ мектептеріне арналып ана тілінде жазылған

«Алгебра» оқулығының авторы. Алғашқы ғылыми еңбегіне жататын оқулық қол жазбасының көлемі 1642 беттен тұрған.

1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО жоғарғы советінің делегациясы құрамында Англияға барған. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилл зор денелі Қаныш ағаға тесіле қарап тұрып, «қазақтардың бәрі сіздей алып па?» деп сұраса керек. Сонда Қанеке: «О не дегеніңіз Черчилл мырза, олай емес. Мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік» деп жауап беріпті.

Қаныш Сәтбаев қазақ археологиясының бәйтерегі, ғалым Әлкей Марғұланды қуғын-сүргін азабынан құтқарып, Алматыдағы КСРО ғылым академиясының филиалына жұмысқа алады. Сондай-ақ Сәтбаев оған археологиямен айналысуға кеңес берген екен.

Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Ұлы жазушы мен ұлы ғалым Семейдегі семинарияда бірге оқыған. Қаныш Имантайұлының көзін көрген Слямхан ақсақалдың айтуына қарағанда екеуі бір жағажанада, бір пәтерде тұрған. Жастайынан бірін-бірі тап басып таныған қос таланттың арасындағы адал достық соңғы сәтке дейін жалғасын тапқан екен.

Қаныш Сәтбаев айтқан екен:

«Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен

даму үшін оның штабында, ғылым академиясының, халқының, өз отанының мүдделерін бар жан-тәніммен берілген адамдар қызмет етуі керек» деп.

Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада тамаша ойнаған. Қазақ және украин әндерін тыңдағанды ұнатқан екен. Қаныш Сәтбаевтың орындауындағы әуендерді тұңғыш рет тыңдаған белгілі музыка танушы Александр Затаевич, Қаныштың орындауындағы 25 қазақ әнін жазып алған.

Мәскеудің тапсырмасы бойынша Қазақстанның жер-асты қазба-байлығының картасын жасалған кезде Қаныш Сәтбаев төрт-бес іргенішті картаға кіргізбейді. «Бұл қалай» деген орыс ғалымдарына: «Ондағы рудалар өте тереңде жатыр қаржыны да, техниканы да көп қажет етеді. Сондықтан бұл жерлерді картаға кіргізуге әлі ерте» дейді. Ал өзімен сырлас, сыртқа сыр шашпайтын достары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланға әдейі жасырып алып қалғанын, кейінгі ұрпаққа да байлық керек шығар деген ниетте картада белгілемегенін айтқан екен.

Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден, Кеңес одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы ғажап құбылыс деген екен.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.  
«Адырна» ұлттық порталынан дайындаған

Қазақтың жолы

## ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 800 ЖЫЛ БОЛДЫ

Шыңғыс хан империясын қалыптасқан дағдымен «моңғол империясы» деп атағанымен, тарихқа шынайы талғаммен, шындықпен қараушы ғалымдар оның түркі-моңғол империясы екенін алға тартады. Егер оны «моңғол империясы» деп қараған күннің өзінде оны қалыптастырушы топ пен тіректі күштердің түркілер екенін ескерсек, бәрі бірде түркілер құрған алып ел саналады. Бүгінгі ұлт ұғымымен қарағанда билеушісі моңғол ұлты құраушы тайпалардан шыққандықтан соған тәуелді, бағынышты аталды.

Рашид ад-дин дерегі бойынша сол тұстағы түркі ру-тайпалары өздерін билдеуші тайпаның өкілі етіп көрсету мақсатында «татар» немесе «мұғұл» сынды ортақ тайпа атымен аталуды «мәртебе, атақ, абырой» санайтын болған. «Алайда бұл олай емес, өйткені мұғұлдар ертеде (Ұлы) далада мекен еткен барша түркі халықтарының ішіндегі бір қауымы (руы ғана) болған

Тарихи жер атауымен қарағанда да Шыңғыстың түркілерден бөлек жасайтындай, олардан оқшау тұрды дейтіндей ешбір тарихи негізі жоқ.

«Қазіргі Моңғол Халық Республикасының жерінде XIII ғасырға дейін түрік тілді «Керей, Найман, Меркіт, Жалайыр, Қоңырат, Ұйғыр, Қырғыз, Татар» тайпалары мекендеген. Мәселен, МХР-ның шығыс өңіріндегі «Далайнуурдың» шығыс оңтүстігінде Татар тайпасы; Далайнуурдың солтүстігінде, Онон өзенінің шығыс өңірінде Жалайыр тайпасы – «Хамұқ моңғол» атты моңғол тайпасымен көршілес мекендеді. Меркіт, Ұйғыр тайпасы – Байқал көлінің оңтүстік өңірі мен Көпсүкөл (Хөвсгөл)-дің шығыс өңірін мекендеді. Қырғыз тайпасы – қазіргі Тува АССР-інің жерінде мекендеп тұрған. Найман тайпасы – қазіргі МХР-ның Увс, Баян-Өлгий, Ховд, Говь-Алтай, Баянхонгор аймағының жерінде мекендеген. Керей тайпасы – қазіргі МХР-ның Завхан, Архангай, Өвөрхангай, Төв аймағының жерінде, Бұлғын аймағының оңтүстігі мен Хэнтий аймағының батыс-оңтүстігі өңірінде мекендеген...»

Моңғол зерттеушілері мен қаламгерлері қазір де өздері қоныстанған аймақтың ежелгі иесі түркілер болғанын жоққа шығармайды.

«Қазіргі Моңғолдың территориялық аумағы ежелгі моңғолдардың қоныстануынан бұрын түркі тектес ұлыстардың неше мың жылдар бойы мекенденген ұйғы. Оның нақты дәлелі жер-судың атауларының көбісі түркі тіліне құралғандығы. Байқал – Байкөл, Хөвсгөл –

Көк сулы көл, Увсы – Шөпті, Ачит – Ащы көл, Алтай – Алатау, Отгонтэнгэр – Оттэнгір, Хэнтий – Кенді тау, т.с.с.

Сондай-ақ Идэр, Онон, Орхон, Туул, Байдраг, Хэрлан дарияларының атауларының сөз төркіні түркі сөзінен. Аталмыш жер-судың түркілік атаулары – адамзаттың өзі қойған байырғы сойы. Күндер өткенде бұл жерде қандай да бір ұлт, ұлыстардың мекендеп, қоныс тебуіне қарамастан ауыздан ауызға жалғасқан аумақтың ат-жөнін қалпынша ұласып бүгінге жеткен».

«Шыңғыс хан тарихына қатысты жер-су аттарының көбісі түрікше болғанына орай, ол атыраптардағы рулар да түгелдей дерлік түріктер. Бұл сөзімізге көп қинамай-ақ қыруар дәйек келтіруге болады. Нақтылай айтсақ, олар: керей (керейт), найман, жалайыр, дулат (дұлғат), қоңырат (қоңырат), қыпшақ, қанды, тана, таз, дөйт (дөйтгіт), алшын, байұлы (байоқ), байұрқы, баяут, адай (дай), тама, кете, бес шекті (бес ермен), сіргелі (сіргеті), шанышқылы (чанчғыт), қылыш (қылыч, қалач), салжұк (селжүк), құман, башқұрт (башқырт), түркмен, бұлғар, ұйғыр, қырғыз, т.б. болып жалғасады. Мұндай ірі арыстарды былай қойғанда, жаныс, тарақты, аққойлы, қарақойлы, орақты (орақчыл), андас (анда), торы (торук), маңғытай (маңғыт), қият, төре, қарақас, қоралас, құлшығаш (құлшынты), күрлеуіт (қыпшақтың кіші руы), тағы сол сияқты ру-тайпалар. Осынау рулардың аты ғана түрікше емес, зағы да таза түркі. Олар түрік халықтарының арасында, әсіресе қазақ ұлтының ішінде бүгінге дейін бәз-баяғысындай сақталған».

Тарихшы ғалымдардың қай-қайсысы болмасын, түркі-моңғол, моңғол-түркі ұғымдарын бір-бірінен байланыстыра қарай алмайды. «Шыңғыс құрған мемлекет құрамына моңғол-түркінің әр түрлі тайпалары кіргенімен, өзара даму деңгейі бір, тілі ортақ болды. Мемлекеттің мәдени тұғыры мен



элеуметтік құрылымы Көне Түрік қағанаттарының мұрасын толық қабылдады».

Сол тұстағы сахаралық мемлекеттер туралы айтқанда Шыңғыс ханның алдындағы асу бермес асқар бел тек қана керейт Тұғырыл хан еді. Тұғырыл ханды қытай Алтан ханының көмегі арқылы бас көтерместей жеңіп, күйреткеннен кейін Шыңғыстың мейманасы ерекше тасыды.

«599 хижри жылының айларына сәйкес келетін тункуз (доңыз) жылы болған осы жылдың қысында ол Тимаун кихара (Тимаун даласы) аталатын жерде аңшылық жасады. Сосын соғыстан жеңген және жеңіске жеткен күйінде, бақытты және көңілі тоқ (күйде) өзінің үйіне, құтты ордасына қайтып келді.

Оның осындай ұлы жеңіске жетіп, атына патшалық ісі (билігі) бекігендіктен, оған шартараптан (түрлі) қауымдар өз бойұсынушылықтары мен бағыныштылықтарын білдіріп келіп жатты. Ол осындай ұлы шапағаттың шүкіршілігі үшін үлкен жиын жасап, игі бұйрықтар мен берік жарғыларын бекітіп, бақытты күйде хан тағына отырды».

Сөйтіп, айдай әлемге аты мағлұм Тұғырыл ханды жеңіп, оның патшалығын иеленуі Шыңғысты төңіректің төрт бұрышына танытып, оның осы жолғы «ұлы жеңістен» қаймыққан, ығысқан, бағынғандар дарғайына келіп бас ұрды. Ендігі жерде керей армиясының 30 мыңдық қолының кем дегенде жартысы оның бағыныштылығына өтіп, айналасындағы өзге тайпаларды бағындыруда елеулі қызметтер атқарды. Осы сайлауыт сарбаздар арқылы ол құдіретін нығайта түсті.

«Шыңғысханның айналасы-

дағы замандастарының қолбасы батырларының, мемлекеттік қайраткерлерінің тегі де анық жазылған: Таян, Күшлүк, Бүйрүк – найман хандары, Ақшырын – татар ханы, Елшітей, Тұғырул – керей хандары, Тоқтабек – меркіт ханы; батырлары Саба, Мұқалы, Жебе, Жамуқа, Сүбітей, Желме, Бала – жалайырлар; Тататұңға, Кетбұқа – найман; Чынхай (Шынғай), Бұлғай, Күйтемір – керей; Найаға – сіргелі, Сызған Құтка – татар, Борашы – арғын, Бөрікүл – үйсін, Шормқан – тама; Көргүз (Көргіз) – ұйғыр, т.т».

«Ұлы Даладағы ежелгі түрік қауымының қайтадан жұымдасуы кезінде Керей патшалығы Шыңғыс ханның ұлылығына ұйтқы болды. Түптің-түбінде біртұтас ұлыстық құрылым жолына құрбанға шалынды. Алайда, Шыңғыс хан мен Тоғрыл-Оң ханның арасындағы қантөгіс соғыстар кезінде керей тайпасының біршама бөлігі, жекелеген ірі тұлғалары болашақ ұлы қағанның жағында болғанын көреміз. Ақыры, керей жұрты үлкен қазаға ұшырайды, хандығы құлап, біраз халқы әр тарапқа бығырайды. Әйткенмен де көп ұзамай-ақ Шыңғыс хан ордасының өзінде әжептәуір ықпалға жетіпті. Және негізгі әскер құрамына қосылады. Қытай деректерінің айтуынша, 1204 жылы, Таян хан мен Жамұқа горхан бастаған қалың қолға қарсы аттанған Шыңғыс хан әскерінің басым бөлігі – керей жұртынан екен. Атақты Сүбітай-бахадүрдің жеке мыңдығы керей мен найман, меркіттен құралған («Юань ши»). Сонымен қатар, ағайынды Ширақұл (Сарықұл) және Тобұқа нояндар Шыңғыс ханның туының астында мыңбасы болған, осы дәрежедегі Дайыр-бахадүр Сар-

тауыл жорығында айрықша көзге түсіпті. Ал Тоғрыл ханның батысқа ығысқан бір баласы (әлде немересі) Тайбұға Сібір хандығының негізін салады, бірақ ақыр түбінде ол да Шыңғыс ханның дәрегейіне бас ұрып, кеңшілік алған».

Рашид ад-дин дерегі бойынша, Моңғол әскерінде Шымқай жоғары дәрежеге ие болды. Ол Шыңғыс қағанға жақын жүрген адамдардың бірі болды, көне ұйғыр бітік жазуын меңгерген, көне түрік тілінде жаза алатын, қытайша білетін, қытайдың тұтқынға түскен халқының Тувадағы қоныстануының әскери-егіншілік мәселелерін басқарды. Сонымен қатар Шымқай қидандық Еллой Чу-цаймен бірге Моңғол империясының әкімшілік-басқару жүйесінің құрылуында ерекше рөл атқарды. Өгедей (1229-1241) және Күйік (1246-1248) қағандары кезеңдерінде Шымқай (Чинхай) министр болды.

Моңғол қоғамында Керей тайпасының қарқын руынан шыққан Кейүк-баһадүрдің ұлдары Мойнақ, Сартау, Илауқан, Сойкандар маңызды орын алды.

Керей тайпасының жырқын руынан намангер Шираз Ноджуд-Саруджир-Құдай, оның ағалары Бахча, Тугай және Құллық-Бұқа-бітікші, сонымен қоса Есудердің ұлдары және Дүзбайлар моңғол қоғамында жоғары орын алды. Шыңғысханның атақты қолбасшылары Бенсил-нойон және оның ұлдары Тұғлық-күші, Тайджы-баһадүр және оның ұлы Газан қонқайт руынан шыққан. Керей тайпасының албат руынан шыққан жүзбасы Иланғыз Шыңғысханның жеке күзетшісі, сонымен қатар хан сарайында жоғары дәрежелі орны бар ханның тамағын үйлестіруші-басқарушысы болды.

Деректерде Ван ханның тұмаут руынан шыққан әскербасы Құйду, басқа да мырзалар Шыңғыс ханның әскеріне келіп қосылғандығы айтылады. Құду, онан кейін оның баласы Куртаке керей әскерін басқаратын мыңбасы, ал Абишке деген баласы Шыңғысханның бас бітікші-хатшысы болған. Қайдудың Тұқыр деген бір ұлы да бітікші және жүзбасы болған. Ал, кенже баласы Алинақ-баһадүр Хұлағу ханның кезінде мыңбасы қызметін атқарған. Оған қоса моңғол әкімшілігіндегі жоғары орындарды керейдің тұмауыт руынан шыққан Алшы-тұқауыл және Ебіген-бітікші иеленген.

(Басы. Жалғасы газеттің келесі санында)

## ДОМБЫРА ЖАСАУДЫҢ ШЕБЕРІ

Ұлттық рухымыз қайта жаңғырып жатқан бүгінгі тұста бабадан қалған төл өнеріміздің мерейін өсіріп, халқымыздың игілігіне жарату-маңызды іс. Сан ғасыр тарихқа жалғасқан қол өнеріміздің ең маңызды саласының бірі-ұлттық музыка аспабын жасау. Қазақтың ұлттық рухына теңейтін киелі қара домбыраның қалпын бұзбай, қазақи қоңыр үшін сақтап жасау-он саусағынан өнер тамған қол өнер иелеріне тән жұмыс. Ұлтымыздың рухани өмірінен айыруға келмейтін, өткен күндердің сырын ішіне бүккен, қазақ даласына, тіпті шет елдерге кеңінен танымал, табиғи ұлттық музыкалық аспабы-домбыра.



«Royal Selancor» school of Hard Knocks» фестивалінде дипломант, 2015 жылы «Шебер -2015» VII-ші Қазақстан қолөнершілер конкурсының финалисті, «Дарынды бастау» номинациясы бойынша жеңімпаз, 2016 жылы «Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжінен» төртінші разрядтағы музыкалық аспаптарды жасаушы мамандығын алды, 2016 жылы «Аңыз домбыра» байқау бәйгесінде сертификат, 2016 жылы «Шебер-2016» VIII-ші Қазақстан қолөнершілер конкурсында сертификат, 2017 жылы КМҚК «Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі» білікті мамандар даярлауда, элементтік серіктестік дамытуға қосқан белсенділігі үшін алғыс хат, 2017 жылы Индияда өткен «31 SURAJKUND INTERNATIONAL GRAFTS MELA» фестивалінде белсенділік танытқаны үшін марапат иесі атанды. 2017 жылы VERSUS академиясының бизнес курсы аяқтады, 2017 жылы «Жиырмасыншы шабыт» халықаралық шығар-

машылық жастар фестивалінің алғыс хатымен, 2018 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясының» алғыс хатымен, 2018 жылы Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен Талдықорған қаласы, «Jetisu style» фестивалінде дипломмен, 2018 жылы «Атамекен» кәсіпкерлерді қолдау курсының сертификатымен, 2018 жылы Алматы құрылыс және халық кәсіпшілік колледжінің «Ата дәстүр» орталығының ашылуына қосқан зор үлесі үшін Алғыс хатымен марапатталды. 2018 жылы «Аңыз домбыра» II Республикалық шеберлер байқауының 2-ші орын жүлдегері, 2018 жылы Райымбек ауданы жас кәсіпкерлер форумының алғыс хаты, 2018 жылы Кеген ауданы 22 наурыз көрмесінің алғыс хаты, 2018 жылы Кеген ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталады. 2019 жылы үкілі домбыра дипломанты, 2019 жылы Тасашы ауылы әкімінің алғыс хаты, 2020 жылы Үндістан «SURAJKUND INTERNATIONAL GRAFTS MELA» дипломымен марапатталды. 2023 жылы қара домбыра «Республикалық шеберлер» конкурсына қатысқаны үшін марапатталса, 2023 жылы Орталық музейі ұйымдастырған «Пернесінен сөйлейді ұлы дала» атты республикалық байқауының жеңімпазы атанды. Бүгінде қолөнерші Еркебұлан Еңбекшіқазақ ауданы, Саймасай ауылындағы «Саймасай» техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығында көркем эстетикалық бағыты бойынша «Қолөнер» үйірмесінде мұғалім болып жұмыс атқарып, қосымша шәкірттер тәрбиелеуде.

Қазіргі таңда шебердің жасаған домбыралары айтыс өнеріндегі ақындар Еркебұлан Қайназар, Мейірбек Сұлтанхан, Айнұр Тұрсынбаевамен Айбек Қалиевтің және эстрада жұлдыздары әншілер

Ғалымжан Жолдасбай, Ақылбек Жеменей, Айқын Төлепберген, Роза Әлқожа, Төреғали Төреәлі мен Нұрлан Еспановтың қолында жүр.

Он саусағынан өнер тамған шебер бүгінде ағаштан әр түрлі дүниелер жасайды. Басты кәсібі-домбыра жасау. Ол сүйікті ісін 10 жыл бұрын бастаған. Шебер аспапты ең қысқа он күнде жасаса, ең ұзағы үш айға созылады. Еркебұлан өздеріне қажетті Тянь-Шань шыршасы, үйеңкі, қайың, полесандра ағаштарын еліміздің басқа аймақтарынан алдырып, тұтынушылардың тапсырысы бойынша домбыраны құрап та, шауып та жасайды. Жасаған аспаптарын барынша сапалы етуге тырысады. Содан болар, бүгінде аспаптары үлкен сұранысқа ие.

–Күйшінің көкірегінен төгілген күйге қанат бітіретін ол-домбыра. Сондықтан, жүрек қылын шертетін ұн шығу үшін оны талапқа сай жасау керек. Аспапты жасайтын қолөнерші міндетті түрде оны жақсы шерте де білуі керек. Әйтпесе, ол домбыраны мың жерден көркем жасағанымен, жанын түсіне алмайды. Сол себепті, музыкалық жағынан сауаты мықты болуы қажет. Менің ойымша, ол дүниені кез келген ағаштан жасаған дұрыс болып шықпайды.-дейді аспап жасаушы.

Еркебұлан бүгінге дейін мыңнан астам домбыра жасаған. Ол көрген, білгенін өзінен кейінгі шәкірттерге үйретуде. Бүгінде оның шеберханасында жас буындар түрлі аспаптар жасап үйренуде. Әр шебер домбыра жасағанда өзіндік үлгіні ұстанып, оның үнін жетілдіруге, әдемі етіп әшекейлеуге, өз қолтаңбасын танытуға тырысатыны белгілі. Ең бастысы, домбыраның қоңыр үнін жоғалтпағаны ләзім. Ұлттық құндылықты жаңғыртып, қол өнерді дәріптейтін шеберлердің өлмес өнері кейінгі ұрпаққа үлгі болмақ.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.  
Кеген ауданы.



тетінің «Көркем сурет» факультетінің «Сәндік қолданбалы өнер» мамандығына оқуға түсті. 2011-2017 жылдан бастап, «DalaSazy»

ұлттық музыкалық аспаптар жасау компаниясында шебер болып жұмыс істеді. 2018 жылдан бастап жеке шеберханасын ашып, бүгінгі күнге дейін домбыра және ұлттық қолөнер бұйымдарын жасаумен айналысып келеді.

Қатысқан көрмелерімен жарыстарда алған марапаттарында есеп жоқ. 2012 жылы «DalaSazy» ұлттық музыкалық аспаптар көрмесінде сертификат, 2013 жылы Атырау қаласында өткен «Үкілі домбыра» байқау бәйгесінің ди-

## Балалар қуанышы

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАЙЫРЫН ӨЗІҢ КӨРЕСІҢ

«Қайырымды іс істесең де барлығы өзің үшін» деп, ата-бабамыз айтып кеткен.

Шағырай деген шешен «Өзін ғана ойлаған, Жамандықтың белгісі. Өзгені де ойлаған Адамдықтың белгісі» деген екен.

Өзгені ойлаған, әр кез жақсы іс істеуге талпынып тұратын адамдар арамдызда бар. Біреуге қол ұшын беріп, қолғабыс тигізуді, тым құрыса жылы сөзімен демеп, жанын жадыратуға, адам басына үйірілген уайым бұлтын сейілтп, көңілін аулауға асығады. Жаны жомарт адам деп, міне осындай адамдарды мақтан етемін. Ешкімді бөле жармайтын қолынан келген жақсылықты аямайтын жанның бірі – Жалалова Нұрхан. Мен Нұрханды көп жылдан бері білемін. Әке-шешесі еңбекқор, малшы болған, өте ауқатты тұрған. Сол еңбекқор әке-шешеден үлгі, өнеге алған Нұрхан да еңбекшіл болды. Кеңес үкіметі тұрап, ел тәуелсіздік алған жылдары өзінің кәсібін бастап кетті. Кеген, Нарынқол жақтарға барып сауда жасаумен айналысты. Жиған, тергенін ықтияттап, жеке кәсібін дөңгелетті.

Жақында «Жылы жүрек» қайырымдылық қорының басшысы Асқар Садыровтың көмегімен Шонжыда қайырымдылық іс шарасы өтті. Іс-шара Нұрхан жалға алған «Дастархан» асханасында болды. Біздің ауданның ұл-қыздары да қарап қалған жоқ. Мүмкіндігі шектеулі, туа сала тағдырдың қиын жолына кезіккен балаларды бір қуантып тастады.

«Ана жүрегі-бала» деген қорды ұйымдастырушы үш ана – Розиева Гульвира, Халикова Гульсанам, Ушурова Гулчехра барлық ана-



лар мен балалардың көңілін табуға тырысты. Қорды құрудың мақсатын дүбірлі жұртқа жеткізді. Шараға келген елу бала өте риза болды. Олардың көңілін көтеру үшін қолдарындағы қаражатын көмек ретінде қосқан ет сатушы Жаннаны, жеке кәсіпкер Атағұлова Гүлнарды, Мамирова Айтунамды, көкөніс сатып, ел құрметіне бөленіп жүрген Мамлюк пен Сахибамды, өз отбасы атынан сыйлық таратқан Нариман мен Диляны, «Рамина» дүкенінен Таймыр мен Риманы, «Тан Тунидегі» Расулды, Сахинурды, «Сладкий городтағы» Заринаны, Қасымова Надиямды, Кіші Ақсу ауылынан Сұлтанайды, Фарид пен Гулинурды, Расул, Абдумажит деген жігіттерді, газ тарату машинасын айдаушы Мишаның жұрт алдында, ел алдында мақтағым келіп тұрады.

Өмірде өз туысына жақсылық жасамайтын адамдар бар. Жоғарыда аттары аталған жандарға балалар да, ата-аналар да риза болды, алғыстарын жаудырды. Жақсылық көрсе тасымай, жамандық көрсе жасымаған аналар мен әкелерді көргенде көзге жас келді. Балалар ән шырқалған кезде ортаға шығып Диля биге шақырып еді. Би биледі, өздерін көңілді ұстады, бүгінгі кешке әке-шешелері өз ризашылығын білдірді. Екі-үш сағат ойнап, күлгендері бірнеше жылға азық болатындай көрінді. Тағдыр тәлкегіне түскен кішкене балаларды көргенде, ауырып тұрса да сыртқа

салысқан жомарт жандарға алғысым шексіз, Алла разы болсын!

Жомарт болу үшін, бай болу міндетті емес екен. Керісінше, бай болу үшін жомарт болуыңыз керек. Сонда сіз көп сый-құрметке ие боласыз, жұрт сізге рахметін жаудырады, көп адаммен достық көңіл, алғыстар мен ризашылық сезімдерді бөлісесіз, көңіліңіз ортаймайды. Жомарт адам лақылдаған бұлақ сараң адам тоспадағы сасық су сияқты. Оған жаңа су келіп құймайды, одан су ағып шықпайды. Ол өз тоспасында тұрып, құриды. Оған жаңару, жаңғыру, тазару, тасу, лық-



сездірмей, өмір үшін күрескен балаларды көргенде «ех, өмір, қымбатсың маған» деп, айқайлағың келеді. «Қуыршақтармен» би билеп, өз көңілдерін көргенде риза болдық. Қолындағы қаражатынан «аз да болса көптей көр» деп беріп отырған бүгінгі іс-шараға ат

су жат. Сондықтан сараңдық – сор, жомарттық – қуаныш, бақыт.

Қуаныш пен бақыт сыйлап жүре берейік! Балаларымыз аман, заман тыныш болсын!

Рая САРТОЛОВА,  
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы.